Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі орталық аланды наурыз мерекесіне орай безендіру жұмыстарына түсіндірме жазба

Жобаны іске асыру орны экологиялық аймаққа жататын Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті болып танылады.

Жоба Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, **Әйтеке би кентіндегі орталық аланды наурыз мерекесіне орай безендіру** жұмыстары.

Осыған байланысты жоба әзірленіп, мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізіп, сатып алынатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, **орындалатын жұмыстарды** орындату қажет.

Нақты мердігерді таңдау себептері: Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау үшін безендіру жұмыстарына мониторинг жүргізіп, нәтижесінде Республика аумағында орналасқан жеткізушілер өте төмен баға ұсынысымен жеңімпаз болып, жұмыстарды сапасыз, мерзімінен кеш орындап жатқандығы анықталды.

Осыған орай, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (әрі қарай - Заң) 10-бабы 6-тармағына сәйкес **тапсырыс беруші** мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган айқындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесін қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру **тәсілін осы Заңға сәйкес айқындайтыны көрсетілген**.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес - аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар**, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін** республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің **төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы делінген**.

Осы ретте, Әйтеке би кентіндегі орталық аланды наурыз мерекесіне орай безендіру жұмыстарын тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылғалы отыр.

Әйтеке би кенті көшелерін наурыз мерекесіне безендіру жұмыстарын жүргізетін 3 (үш) әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсынысының нәтижесінде төмен баға ұсынған әлеуетті өнім берушіге келісім шарт жобасы ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының (*Бұдан әрі – Бұйрық*) 508-бөлігінің талаптарына сәйкес бәсекелестік сақтала отырып, неғұрлым төмен баға ұсынған өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы **бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу** жүзеге асырылады.

Бұйрықтың 506-бөлігі - мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып **алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде**, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

Әйтеке би кентінің әкімі **А.Абиев**